

Бекмуратов Е.Б.,

д.м.н., профессор

Кафедра «Терапевтических дисциплин»

Южно-Казахстанская медицинская академия

Казахстан, город Шымкент

Тлеужан Р.Т., PhD

Кафедра «Акушерство және гинекология»

Южно-Казахстанская медицинская академия

Казахстан, город Шымкент

Шаймерденова Г.Г.,

Студент магистратуры

Кафедра «Терапевтических дисциплин»

Полатбекова Ш.Т.,

Преподаватель кафедры «Микробиология»

Южно-Казахстанская медицинская академия

Казахстан, город Шымкент

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ ОРЫН АЛУ ЖАҒДАЙЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА БАҒАЛАУ

Аннотация: *Статья посвящена клинико-эпидемиологическим особенностям туберкулеза. Описываются группы женщин во время беременности. Пациенты были исследованы в течение 2 лет. Статистика Туркестанского региона также исследована.*

Ключевые слова: *беременные, эпидемиология, туберкулез, незавершенное лечение, МТ (+) болезнь.*

Abstract: *The article is devoted to the clinical and epidemiological features of tuberculosis. It is a group of women during pregnancy. Patients were researched for 2*

years. The statistics of the Turkestan region is also corrupted.

Key words: pregnant women, epidemiology, tuberculosis, failed treatment, MT (+) disease.

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстан Республикасында халықтың туберкулез ауруымен сырқаттануы деңгейінің төмендеуімен, бүгінге аурудың мектеп жасындағы балалар, жүкті әйелдер арасында орын алуы жоғарғы эпидемиологиялық маңызға ие болуда [1]. Аурудың «қауіпті топ» арасында тіркелуі, оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендігі, ағзаның физиологиялық қалыптасуы мен санитариялық-ағарту және насихат жұмысының төмендігі және т.б. себептерімен орын алуға [2,3].

Осыған орай, жүкті әйелдер арасында туберкулез ауруының орын алу жағдайын эпидемиологиялық тұрғыда бағалау, бүгінгі күннің талабы.

Зерттеудің мақсаты: 2016-2018 жылдарда Түркістан облысы жүкті әйелдері арасында туберкулез ауруының орын алу жағдайының себеп-салдарын айқындау.

Зерттеу нысандары мен әдістері: Жұмыс облыстық туберкулезге қарсы диспансері және ОҚМА терапиялық пәндер кафедрасымен «ғылыми әріптестік» келісім шарты негізінде, туберкулез ауруынан емделу барысында жүктілігімен есепке алынған науқастар арасында жүргізілді. Бағалауға 2016-2018 жылдардағы статистикалық есеп, науқастардың 111 ауру тарихы сарапталын бағаланды. Зерттеу нәтижесі вариациялық статистика және корреляциялық әдіспен персоналды компьютерде өңделді.

Зерттеу нәтижелері мен оны талдау: Түркістан облысы халықтары арасында туберкулез ауруының орын алуы, 2016 жылы 1197 науқасты құрап, оның ішінде жаңа жағдайда – 979 (81,8%), аурудың қайталану жағдайы (рецидив) – 124 (10,4%), сәтсіз ем – 28 (2,3%), үзілістен кейінгі ем – 5 (0,4%) және басқалар – 61 (5,1%). Басқалар категориясына МТ(-) туберкулез рецидиві, сәтсіз ем МТ(-), үзілістен кейінгі ем МТ(-) өкпеден тыс туберкулездің қайталануы, өкпеден тыс

туберкулездің үзілістен кейінгі емі және өкпеден тыс туберкулездің сәтсіз емі есепке алынған. 2017 жылы барлығы 1127 науқасты құрап, оның ішінде жаңа жағдайда – 983 (87,2%) аурудың қайталану жағдайы – 72 (6,4%), сәтсіз ем – 9 (0,8%), үзілістен кейінгі ем – 4 (0,3%) және басқада туберкулез – 59 (5,3%) сәйкесінше, 2018 жылы барлығы 1084 науқасты құрап, оның ішінде жаңа жағдайда – 923 (85,1%) аурудың қайталану жағдайы – 78 (7,3%), сәтсіз ем – 13 (1,2%), үзілістен кейінгі ем – 8 (0,7%) және басқада туберкулез – 62 (5,7%) жағдайда орын алған.


Талдау жылдары аралығында, облыс халықтарының туберкулезге шалдығуы 56 науқасқа немесе 5,7% ал туберкулез ауруының қайталануы 46 науқасқа немесе 37,1% төмендеуі орын алады. Бұл, облыс көлемінде туберкулезге байланысты эпидемиологиялық жағдайдың жақсарғанын аңғартады (кесте 1).

Кесте 1. Түркістан облысы халықтары арасында туберкулез ауруының орын алу жағдайының көрсеткіші.

талд ау жыл дары	жалп ы саны	жаңа жағдай		қайталану		сәтсіз ем		үзілістен кейінгі ем		басқалар	
		абс.са	%	абс.са	%	абс.са	%	абс	%	абс.с	%
		н		н		н		.са н		ан	
2016	1197	979	81,8	124	10,4	28	2,3	5	0,4	61	5,1
2017	1127	983	87,2	72	6,4	9	0,8	4	0,3	59	5,3
2018	1084	923	85,1	78	7,3	13	1,2	8	0,7	62	5,7

Туберкулез ауруының жаңа жағдайлары эпидемиологиялық маңызға ие, талдауда 2016 жылы 979 жағдайда алғашқы туберкулез орын алады, оның ішінде өкпе туберкулезі МТ(+) ауруы – 419 жағдайда, өкпе туберкулезі МТ(-) ауруы – 316 жағдайда және өкпеден тыс туберкулез – 244 жағдайда орын алған. Ал, 2017

жылы 983 жағдайда алғашқы туберкулез орын алады, оның ішінде өкпе туберкулезі МТ(+) ауруы – 263 жағдайда, өкпе туберкулезі МТ(-) ауруы – 501 жағдайда және өкпеден тыс туберкулез – 219 жағдайда, сәйкесінше 2018 жылы 923 жағдайда алғашқы туберкулез орын алады, оның ішінде өкпе туберкулезі МТ(+) ауруы – 248 жағдайда, өкпе туберкулезі МТ(-) ауруы – 477 жағдайда және өкпеден тыс туберкулез – 198 жағдайда орын алған (сурет 1).



Сурет 1. Түркістан облысы халықтары арасында туберкулез ауруының жаңа жағдайының орын алу көрсеткіші.

Облыстың жүкті әйелдері арасында туберкулез ауруының орын алу жағдайы, 2016 жылы 15 жағдайда 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,58 құраған. Ал, 2017 жылы 16 жағдаймен 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,62 сәйкесінше 2018 жылы 15 жағдайда 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,59 құраған және босанған әйелдердің бір жылға дейінгі аралықта ауруға шалдығыу жағдайы 2016 жылы 22 жағдайда 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,86 құраған. Ал, 2017 жылы 21 жағдаймен 100 мың

халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,82 сәйкесінше 2018 жылы 19 жағдайда 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 0,75 құраған (кесте 2).

Кесте 2. Туберкулез ауруының жүкті әйелдер мен босанған әйелдерде бір жылға дейінгі аралықта орын алу жағдайының көрсеткіші.

талдау жылдары	туберкулездің жүкті әйелдер арасында орын алуы		туберкулездің босанған әйелдерде бір жылға дейінгі аралықта орын алуы	
	абсолюттік сан	100 мың халыққа шаққанда	абсолюттік сан	100 мың халыққа шаққанда
2016	15	0,58	22	0,86
2017	16	0,62	21	0,82
2018	15	0,59	19	0,75

Қорытынды: Зерттеу жүргізілген 2016-2018 жылдары Түркістан облысы халықтары арасында туберкулез ауруына шалдығуы 5,7% ал, туберкулез ауруының қайталануы 37,1% төмендеуі орын алады. Жүкті әйелдері арасында туберкулез ауруының тіркелуі, салыстырмалы жылдарда бір қалыпты деңгейде сақталып, босанған әйелдердің бір жылға дейінгі аралықта туберкулез ауруына шалдығыуы жыл өте төмендеуі орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аимбеков А.К. К вопросам эпидемиологии внелегочного туберкулеза в ЮКО // Вестник ЮКГФА, – 2012, – № 2 (59), – С.219-221.
2. Аймбетов Л.А., Сергазина А.О. Структура заболеваемости туберкулезом у подростков по Южно-Казахстанской области // Вестник ЮКГФА, – 2013, – № 4 (65), Том II, – С.101-103.
3. Булешов М.А., Есалиев А.А., Туманбаева А.М. Мектеп жасындағы балалардың арасында туберкулезге қарсы профилактиканы ұйымдастыру

алгоритмі // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы, –
Шымкент, – 2015, Том I, – С. 281-284.